

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің халықаралық қызметі, 2024 жыл

AMANZHOLOV UNIVERSITY ТАИЛАНД КОРОЛЬДІГІ УНИВЕРСИТЕТІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ



Құжат ПОҚ мен студенттердің академиялық және ғылыми алмасуын, біліктілікті арттыру курстарын, ғылыми-зерттеу практикасы мен тағылымдамаларын, бірлескен білім беру бағдарламаларын, академиялық кездесулер мен симпозиумдарды көздейді.

[Толығырақ](#)

AMANZHOLOV UNIVERSITY ҰЛЫБРИТАНИЯ УНИВЕРСИТЕТІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАТТЫ



С.Аманжолов атындағы ШҚУ әлемге әйгілі Вестминстер университетімен келісімге қол қойды. Ең көне оқу орнымен жаңа әріптестік бірінші кезекте отандық ғылымды дамытуды көздейді. Атап айтқанда, биомедицинаға, қолданбалы биотехнологияға, медицинадағы жасанды интеллектке, гендік инженерияға бағытталған ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыру.

[Толығырақ](#)

ERASMUS+: AMANZHOLOV UNIVERSITY ЕКІ ЖОБАНЫ ЖЕҢІП АЛДЫ



Erasmus+

Amanzholov University Erasmus+ KA171 бағдарламасы аясында Università di Genova және Università degli studi di Cassino e del Lazio Meridionale итальяндық жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, академиялық мобильділік бойынша екі жобаны жеңіп алды.

[Толығырақ](#)

AMANZHOLOV UNIVERSITY ҚЫТАЙЛЫҚ ІРІ КОМПАНИЯМЕН КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАСТЫ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ делегациясы HAIER HAITECH компаниясымен ынтымақтастық туралы шарт жасасу мақсатында ҚХР-ға арнайы барды. Бұл әлемдегі төртінші ірі тұрмыстық техника өндірушісі. Компания «Сапа көшбасшысы» құрметті атағына ие. Ал, 2008 жылы Бейжің Олимпиадасында тұрмыстық техниканың ресми демеушісі болған ірі ұйым.

[Толығырақ](#)

AMANZHOLOV UNIVERSITY ЖӘНЕ POMERANIAN UNIVERSITY СЕРІКТЕСТІГІ



Amanzholov University Слупскідегі (Польша) Помор академиясымен екіжақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Әріптестік шеңберінде ЖОО академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ПОҚ және студенттермен алмасуды және ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруды жоспарлап отыр.

[Толығырақ](#)

АЛМА-МАТЕР ГЕТЕ ИНСТИТУТЫНЫҢ ГРАНТЫН ЖЕҢІП АЛДЫ



Алма-матер Гете Институтынан іс-шаралар өткізу үшін грант ұтып алды. Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылы Қазақстандағы Гете Институтына 30 жыл толады. Серіктестер бұл атаулы күнді Қазақстанның, Қырғыстанның және Түрікменстанның әр түкпірінде атап өтеді.

[Толығырақ](#)

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің халықаралық қызметі, 2024 жыл

ИТАЛИЯ ЕЛШІЛІГІНІҢ МӘДЕНИ АТТАШЕСІ ШҚУ-ДА



ШҚУ-ға Алматыдағы Италия мәдениет институтының директоры, Италияның Қазақстандағы елшілігінің мәдени атташесі Эдоардо Крисафулли келді. Қазіргі уақытта лингвистика докторы, аутизм магистрі, Ph.D Крисафулли Эдоардо 2022 жылы Алматыда құрылған және Орталық Азиядағы алғашқы Италия мәдениет институтының директоры қызметін атқарады.

[Толығырақ](#)

ФРАНЦИЯ ЕЛШІЛІГІНІҢ МӘДЕНИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСШІСІ ШҚО ЖАСТАРЫНА СТИПЕНДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРДІ



Францияның Қазақстандағы Елшілігінің Мәдени ынтымақтастық жөніндегі кеңесшісі Алекс Бортолан мырза С. Аманжолов атындағы ШҚУ-ға келді. Жастармен кездесудегі мақсаты — француз тарапы ұсынған стипендиялық бағдарламалар ақпарат беру.

[Толығырақ](#)

ШҚУ СТУДЕНТТЕРІ КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЕДЕЛДІ СТИПЕНДИЯСЫН ЖЕҢІП АЛДЫ



Аударма ісі» білім беру бағдарламасының студенттері Анастасия Редькина мен Естияр Сағадиев Кореяда білім алу үшін GKS Scholarship және GGMP Scholarship стипендияларын иеленді. Олар академиялық кезеңді Кенсан ұлттық университетінде өткізеді.

[Толығырақ](#)

AMANZHOLOV UNIVERSITY-ДЕ ИТАЛИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ



Amanzholov University базасында Италияның Генуя университетінің филиалын ашу туралы келісімге қол қойылды.

Құжат негізінде қос дипломды білім беруді дамыту, бірлескен халықаралық жобалар, гранттар санын ұлғайту, студенттер мен профессор-оқытушылар құрамымен өзара алмасулар жатыр.

[Толығырақ](#)

МАЛАЗИЯ МЕН ТҮРКИЯДАН КЕЛГЕН ҒАЛЫМДАР ДӘРІС ӨТКІЗУДЕ



Amanzholov University-дің ғылыми-зерттеу бағытындағы оқу бағдарламасын интернацияландыру мақсатында Малайзия мен Түркиядан ғалымдар шақырылды. Мемлекет басшының Жолдауында кадрлар дайындауды жетілдірудің маңызы айтылды.

[Толығырақ](#)

ШҚУ-ДА ҮНДІСТАНДЫҚ ҒАЛЫМ ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУДЕ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ-да Үндістандағы белді Махатма Ганди университетінің қауымдастырылған профессоры, ғалым Прамод Кадукатти тағылымдамадан өтуде. Ғалым бір ай көлемінде ЖОО-да тағылымдамадан өтіп, отандық ғалымдармен қатар аянбай еңбек етіп, жастарға дәріс оқиды.

[Толығырақ](#)

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің халықаралық қызметі, 2024 ЖЫЛ

AMANZHOLOV UNIVERSITY-ГЕ ВЕНГРИЯНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІСІ КЕЛДІ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ-ға мажар ақыны Шандор Петёфиге арналған көрменің ашылуына орай Мажарстан Елшілігінің делегациясы келді. Ресми делегация құрамында Қазақстандағы Венгрияның Төтенше және Өкілетті елшісі Рона Отто Иван, ҚР-дағы Венгрия Елшілігінің консулы Денге Анико және Рона Отто Иван мырзаның жұбайы — Рона Наталья ханым бар.

[Толығырақ](#)

ШҚУ РЕКТОРЫ: «ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ ЖООЛАРЫМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ»



«Дүние жүзіндегі жетекші университеттермен және ғылыми орталықтармен өзара байланысты нығайту – С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің басым міндеттерінің бірі. Бүгінде біздің ЖОО білім және ғылым саласында 200-ден астам серіктестік келісімшарттарына ие.

[Толығырақ](#)

ШҚУ ИСПАНИЯ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУДЕ



Халықаралық семинар аясында ШҚУ өкілдері Испания университеттерімен өзара тиімді келісімдерге қол жеткізді. Мәселен сондай оқу орындары қатарында Саламанка университеті (Саламанка қ., Испания) бар. Ол С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің маңызды серіктестерінің бірі.

[Толығырақ](#)

AMANZHOLOV UNIVERSITY-ГЕ ТӘЖІКСТАННАН 16 СТУДЕНТ КЕЛДІ



Халықаралық академиялық ұтқырлық аясында Amanzholov University-ге Сотим Улугзод атындағы Халықаралық Шет тілдер университетінен (Душанбе қ., Тәжікстан) 16 студент келді. ШҚУ ректоры Мұхтар Төлеген шетелдік студенттермен кездесіп, қонақтарды оқу орнының білім беру, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік және тәрбие қызметімен таныстырды.

[Толығырақ](#)